

**Авторлық құқықпен қорғалатын тұындыларға құқықтарды тіркеуге берілетін өтініштердің нысандарын, авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы күеліктің нысанын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2012 жылғы 19 қантардағы № 14 Бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 14 ақпанда № 7420 тіркелді

"Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы Заңының 9-1-бабының 1 және 16-тармақтарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1, 2-қосымшаларға сәйкес авторлық құқықпен қорғалатын тұындыларға құқықтарды тіркеуге берілетін өтініштердің нысандары;

2) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы күеліктің нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы комитеті осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді және ресми жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*P. Тұсінбеков*

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2012 жылғы 19 қаңтардағы  
№ 19 бұйрығына  
1-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі

мекенжайы бойынша тұратын

тел:

(паспорттық деректер)

**Автор(лар)дың авторлық құқықпен қорғалатын  
туындыларға құқықтарды тіркеуге  
ӘТІНІШІ**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 17.03.2015 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мен (Біз) \_\_\_\_\_  
(автор(лар)дың тегі, аты, әкесінің аты)  
\_\_\_\_\_ Жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ жасаған  
(объектінің жасалған күні, айы, жылы)  
\_\_\_\_\_ деп аталатын

жарияланбаған  
(авторлық құқық объектісінің түрі)  
жалғыз авторы (авторлары) болып табылатынымды (табылатынымызды)  
растаймын (растаймыз) және осы авторлық құқық объектісін Қазақстан  
Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуді өтінемін (өтінеміз).  
Осымен осы объектіге айрықша мүліктік құқықтардың жалғыз иеленушісі  
(иеленушілері) болып табылатынымды (табылатынымызды) және объектіні  
жасаған кезде басқа тұлғалардың құқықтары бұзылмағанын да растаймын  
(растаймыз).

Туындыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеу  
фактісінің заңды мағынасы мен тіркеу шарттары маған (бізге)  
түсіндірілді.

20 \_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
(автор(лар)дың қолы)

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі  
заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға  
келісемін.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2012 жылғы 19 қаңтардағы  
№ 19 бұйрығына  
2-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрлігі

мекенжайы бойынша тұратын

тел:

(паспорттық деректер)

**Құқық иеленушінің авторлық құқықпен қорғалатын  
туындыларға құқықтарды тіркеуге  
ӘТІНІШІ**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 17.03.2015 № 158  
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа  
енгізіледі) бұйрығымен.

(құқық иеленушінің атауы)

Бизнес сәйкестендіру номірі (бұдан әрі - БСН) \_\_\_\_\_  
осымен \_\_\_\_\_

(автор(лар)дың Т.А.Ә., авторлардың паспорттық (объектінің жасалған  
күні, айы, жылы) деректері)

ЖСН \_\_\_\_\_

жасаған \_\_\_\_\_ деп аталатын

(авторлық құқық объектінің түрі)

осымен айрықша мүліктік құқықтардың иесі болып табылатынымызды  
(табылатыны) растаймын (растайды) және осы объектіге айрықша  
мүліктік құқықтарды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде  
тіркеуді өтінемін (өтінеді).

Осымен осы объектіні авторлар жасаған кезде басқа тұлғалардың  
құқықтары бұзылмағанын да растаймын (растаймыз).

Туындыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеу  
фактісінің заңды мағынасы мен тіркеу шарттараты маған (бізге)  
түсіндірілді.

20 \_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

(қолы)

Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын  
құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Қазақстан Республикасы  
Әділет министрінің  
2012 жылғы 19 қаңтардағы  
№ 19 бұйрығына  
З-қосымша  
Нысан

**Авторлық құқық обьектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік**

Ескерту. З-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Әділет министрінің 17.03.2015 № 158 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж. «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде автордың/құқық

иеленушінің өтініші бойынша

авторы \_\_\_\_\_ болып табылатын

(тегі, аты, әкесінің аты)

авторлық құқықпен қорғалатын обьектіге айрықша мүліктік емес/мүліктік  
құқықтар «\_\_\_\_\_» атауымен тіркелгені куәланырады.

Автордың/құқық иеленушінің өтініші бойынша авторлық құқықпен  
қорғалатын обьектіге айрықша (мүліктік) құқықтар және

\_\_\_\_\_ жасалған обьекті \_\_\_\_\_ тиесілі

(күні, айы, жылы) (тегі, аты, әкесінің аты немесе заны  
тұлғаның атауы)

және автор/құқық иеленуші жоғарыда көрсетілген обьектінің жасаған  
кезде басқа адамдардың зияткерлік мешік құқығы бұзылмағандығына  
кеңілдік береді.

Тізілімде 20 \_\_\_\_ жылы «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ жасалған № \_\_\_\_ жазба бар.

Министрдің орынбасары М.О.